

"Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 18 наурыздағы № 224 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 27 наурызда № 20173 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.06.2023 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қарандыз

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10 -бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 20.06.2023 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған "Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.06.2023 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жедел-крииминалитикалық департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіrkегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жедел-криминалистикалық департаментіне (И.И. Зубов) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.12.2020 № 892 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрі

E. Тургумбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 18 наурыздагы
№ 224 бұйрығына
1-қосымша

"Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 20.06.2023 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы "Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес "Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арыз иесі (көрсетілетін қызметті алушы) – әкімшілік рәсімді жүзеге асыру үшін әкімшілік органға, лауазымды адамға өтініш жасаған адам, сондай-ақ өзіне қатысты

әкімшілік акті қабылданатын, әкімшілік әрекет жасалатын (әрекетсіздік танылатын) (әкімшілік акті адресаты) адам;

2) әкімшілік акті (мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі) – әкімшілік орган, лауазымды адам жария-құқықтық қатынастарда қабылдайтын, белгілі бір адамның немесе жекелей белгілі бір адамдар тобының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім;

3) әкімшілік орган (көрсетілетін қызметті беруші) – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік әрекет жасау (әрекетсіздік таныту) жөнінде өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік заңды тұлға, сондай-ақ өзге үйлем;

4) әкімшілік рәсім – әкімшілік органдың, лауазымды адамның өтініш негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешім қабылдау және орындау қызметі, сондай-ақ оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібінде жүзеге асырылатын қызмет.

5) Бірыңғай байланыс-орталығы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша – ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;

6) көрсетілетін қызметті берушінің бейінді құрылымдық бөлінісі – аумақтық полиция органдың жедел-криминалистикалық бөлінісі;

7) криминалистикалық талаптар азаматтық, қызметтік қару мен оның патрондарына, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұксас бұйымдарға қойылатын арнаулы техникалық талаптар (параметрлер, конструкциялық ерекшеліктер, таңбалau);

8) сынау зертханасының басшысы – аумақтық полиция органдың жедел-криминалистикалық бөлінісінің бастығы немесе ол уәкілеттік берген адам;

3ҚАЙ-ның ескертпесі!

9) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР шкі істер министрінің 05.05.2025 № 353 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9) сынау обьектілері – азаматтық және қызметтік қару және оның патрондары;

10) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

11) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның

тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандардың жинағы.

3. "Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытынды беру" мемлекеттік қызметтің (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Занды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңесіне не портал арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе) 8-тармағына сәйкес құжаттар мен сынау объектілерін ұсына отырып жүгінеді.

Көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер Тізбеде жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттар мен сынау объектілерінің тізімдемесін жасайды және оны өтінішке қоса береді.

Өтінішті портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі өтінішті қабылдау туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып хабарлама көрсетіледі.

5. Бір мемлекеттік көрсетілетін қызмет шеңберінде азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігін сынауға қарудың немесе бұйымның бір моделі (модификациясы), қызметтік және азаматтық қару патрондарының бір түрі немесе арбалеттердің немесе садақтар снарядтарының бір модификациясы жатады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі құжаттар түскен сәттен бастап оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және сынау зертханасының басшысына орындауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс

уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Сынау зертханасының басшысы көрсетілетін қызметті алушының өтініші келіп түскен күні бейінді құрылымдық бөліністің жаупты орындаушысын (бұдан әрі – жаупты орындаушысы) анықтайды.

Өтінішті портал арқылы алған кезде жаупты орындаушы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" сынау объектілерін ұсыну қажеттілігі туралы хабарлама жолдайды. Көрсетілетін қызметті алушы сынау объектілерін ұсыну қажеттілігі туралы хабарлама алған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей сынау объектілерін қолма-қол ұсынады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-тармақтың бірінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген – ҚР шкі істер министрінің 05.05.2025 № 353 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

7. Жаупты орындаушы құжаттарды тіркеген сэттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар мен сынау объектілерінің толықтырын тексереді.

Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметті көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

8. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар пакетін толық ұсынбаған және (немесе) қолдану мерзімі өткен құжаттарды ұсынған не сынау объектілерін толық көлемде ұсынбаған кезде жаупты орындаушы осы Қағидаларға 7-тармақта көрсетілген мерзімде осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан дәлелді бас тарту дайындауды, оған сынау зертханасының басшысы қол қояды және көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы келіп түскен құжаттар пакетін толық ұсынбаған және (немесе) қолдану мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда жаупты орындаушы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" сынау зертханасы басшысының ЭЦҚ қойылған дәлелді бас тарту жолдайды.

Портал арқылы келіп түскен құжаттар пакетімен сынау объектілерінің сәйкес келмеуі анықталған кезде жаупты орындаушы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" сынау зертханасы басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында сынау объектілерін қайтару күні мен уақытын көрсете отырып, дәлелді бас тарту жолдайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту Тізбенің 9-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар мен сынау объектілерінің толық пакетін ұсынған кезде жаупты орындаушы:

он жұмыс күні ішінде ұсынылған сынау объектілерінің "Криминалистикалық талаптар мен азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдарды сынау өдістерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 219 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10747 болып тіркелген) сәйкес криминалистикалық талаптарға сәйкес келуін анықтау үшін сынақ жүргізеді;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10-тармақтың үшінші абзацы жаңа редакцияда көзделген – ҚР шкі істер министрінің 05.05.2025 № 353 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

екі жұмыс күні ішінде жүргізілген сынаулардың нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне сынау хаттамасын (бұдан әрі – сынау хаттамасы) ресімдейді, сынау хаттамасын қоса бере отырып, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытынды жасайды;

бір жұмыс күнінің ішінде азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытындының екі данасына сынау зертханасының басшысы қол қояды, азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытындының екі данасын тіркеу үшін кеңсеге береді және "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы" ақпараттық жүйесіне азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытынды берілгені туралы мәлімет енгізеді. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" сынау хаттамасының электрондық көшірмесін қоса отырып, сынау зертханасы басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытынды және көрсетілетін қызметті алушы ұсынған сынау объектілерін қайтару орнын көрсете отырып хабарлама жолдайды.

11. Сынау жүргізу кезінде сынау объектілерінің азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкес еместігі анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 73-бабының бірінші

бөлігіне сәйкес көрсетілетін қызметті беруші міндettі түрде көрсетіletтіn қызметті алушыға сынау нәтижелері бойынша алдын ала шешімді жолдайды не көрсетіletтіn қызметті берушінің алдын ала шешімі бойынша көрсетіletтіn қызметті алушының үстанымын білдіру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды

Сынау нәтижелері бойынша алдын ала шешім не тыңдау туралы хабарламаны мемлекеттіk қызметті kөrсетуші алдын ала, бірақ әкімшіліk акті қабылданғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей жолдайды. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетіletтіn қызметті беруші мемлекеттіk қызмет kөrсету нәтижесін береді.

12. Көrсетіletтіn қызметті берушінің кеңесі бейінді құрылымдық бөліністің жауапты орындаушысымен бірлесіп, көrсетіletтіn қызметті алушыға азаматтық және қызметтіk қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытындының бір данасын, көrсетіletтіn қызметті алушы ұсынған құжаттар пакетін, сынау объектілерін жолдайды. Азаматтық және қызметтіk қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытындының екінші данасы көrсетіletтіn қызметті берушінің кеңесінде сақтауда қалады.

13. Көrсетіletтіn қызметті беруші Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіpte мемлекеттіk қызметтерді көrсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттіk қызметті көrсету сатысы туралы мәліметтер енгізуді қамтамасыз етеді.

14. Осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өзектендіріледі және Бірыңғай байланыс-орталығына жолданады.

15. Сынау зертханасының басшысы және (немесе) жауапты орындаушы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген осы Қағидаларды бұзғаны үшін жауапкершіліk артады.

3-тарау. Көrсетіletтіn қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттіk қызмет көrсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртіbi

16. Мемлекеттіk қызметтер көrсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары түрған әкімшіліk орган, лауазымды адам, мемлекеттіk қызметтер көrсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

17. Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңың 25-бабының 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі. Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акті қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

18. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау жөніндегі үәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

19. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен, сондай-ақ шағымға алынған жауаппен келіспеген кезде, егер занда өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушының сотқа жүгінуіне сотқа дейінгі тәртіpte шағым жасағаннан кейін жол беріледі

"Азаматтық және қызметтік
қарудың және оған патрондардың,
сондай-ақ конструкциясы жағынан
каруға үкісас бүйімдардың
криминалистикалық талаптарға
сәйкестігіне қорытынды беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
1-қосымша

көрсетілетін қызметті беруші
ұйымының

атауы, атауы және занды мекенжайы,

телефоны, көрсетілетін қызметті
алушының

электрондық поштасы

ӘТІНШІ

Объектілер тізімдемесіне сәйкес ұсынылған сынау нәтижелері бойынша азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан

қаруға үклас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытынды беруді сұраймын.

Қосымша: тізімдемеге сәйкес құжаттар _____ парақта және объектілер саны _____ данада, құжаттар мен объектілердің тізімдемесі _____ парақта.

Осылармен:

көрсетілетін қызметті алушының барлық көрсетілген деректері байланыс жасау үшін ресми болып табылатыны және оларға қорытынды беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпарат жолдауға болатыны;

барлық қоса берілген құжаттар мен объектілер шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады;

ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келіседі.

Заңды тұлғаның басшысы немесе сенімхат негізінде өкілі

тегі, аты, экесінің аты (болған кезде) және электрондық цифрлық қолтаңбасы
Толтырылған күні 20 _____ жылғы "____"
3ҚАИ-ның ескертпесі!

2-қосымша жаңа редакцияда көзделген – ҚР шкі істер министрінің 05.05.2025 № 353 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алтыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға үклас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	аumaқтық полиция органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну әдістері	Отініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нағижендерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңесіне www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Көрсету мерзімі – он бес жұмыс күні.

4	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нысаны	Электронды (ішінәра автоматтандырылған)/Қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесі	азаматтық және қызметтік карудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бүйімдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытынды немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
6	Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде алынатын төлемақы мөлшерін және оны алу тәсілдері	мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.
7	"Электрондық үкімет" веб-порталының және көрсетіletіn қызметті берушінің жұмыс кестесі	<p>Көрсетіletіn қызметті беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Құжаттарды қабылдау жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетуіз кезек тәртібінде көрсетіледі. Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, (көрсетіletіn қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүргінген кезде құжаттарды қабылдау және көрсетіletіn қызметтің нәтижелерін беру Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) тәулік бойы.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетеу орындарының мекенжайлары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігінің интернет-ресурсында: www.mvd.gov.kz "Мемлекеттік

	<p>көрсетілетін қызметтер" бөлімінде ;</p> <p>2) www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталында орналастырылған.</p>
	<p>Көрсетілетін қызметті берушіге:</p> <p>1) заңды тұлғаның өкілі үшін сенімхатпен осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының өтініші;</p> <p>2) фирмандың каталогы, мемлекеттік және орыс тілдеріне аударылған сынау объектісі паспортының түпнұсқасы және/ немесе оны пайдалану жөніндегі нұсқаулық;</p> <p>3) келісімшарттың көшірмесі және өтініш беруші фирмандың басшылығы куәландырған Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген партиядағы сынау объектісі нөмірлерінің тізбесі.</p> <p>Порталға:</p> <p>1) заңды тұлғаның өкілі үшін сенімхатпен осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының өтініші;</p> <p>2) фирмандың каталогының электрондық көшірмесі, мемлекеттік және орыс тілдеріне аударылған сынау объектісі паспортының түпнұсқасының электрондық көшірмесі және/ немесе оны пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың электрондық көшірмесі;</p> <p>3) келісімшарттың және өтініш беруші фирмандың басшылығы куәландырған Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген партиядағы сынау объектілері нөмірлерінің тізбесінің электрондық көшірмесі.</p> <p>Сынау объектілері:</p> <p>атыс, ұнғысыз, белгі беру, газды, электр, пневматикалық, оқсыз атылатын қаруды, оның патрондарын, сондай-ак конструкциялық жағынан қаруға үқсас бұйымдарды сынау кезінде:</p>

	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың және сынау обьектілерінің тізбесі</p> <p>тегіс ұңғылы және ойық атыс каруы – әр модельдің немесе модификацияның кемінде он дана патроны бар бір данасы; ұңғысыз атыс каруы, жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар газды қару – әр модельдің немесе модификацияның кемінде он дана патроны бар бір данасы; оқсыз атылатын, газды, белгі беру, электр, пневматикалық қару – әр модельдің немесе модификацияның кемінде он дана патроны бар бір данасы (газды қару үшін кемінде бес дана бос патрон қосымша ұсынылады); конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдар - әр модельдің немесе модификацияның бір данасы; қызметтік және азаматтық қарудың патрондары – өндіруші кәсіпорынның бастапқы орамасында кемінде он дана; Суық және лақтырылатын қаруға, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдарға сынау жүргізу үшін: суық және лақтырылатын қару болып табылатын обьектілер – әр модельдің немесе модификацияның бір данасы; конструкциясы жағынан суық және лақтыратын қаруга ұқсас бұйымдар – әр модельдің немесе модификацияның бір данасы; конструкциясы жағынан суық және лақтыратын қаруга ұқсас бұйымдарға шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы бұйымдар – әр модельдің немесе модификацияның бір данасы; арбалеттерге немесе садактарға снарядтар – әр модификацияның бес бірлігі ұсынылады.</p>
	<p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарда дүрыс емес және (немесе)</p>

9

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін белгілеу;

- 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметтіне немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызметті аруды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тығым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;
- 4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге кол жеткізуге келісімі болмауы.

10

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар

- 1) көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін мемлекеттік қызметті ЭЦҚ болған кезде портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар;
- 3) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігінің интернет-ресурсы: www.mvd.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік

қызметтер көрсете мәселелері
жөніндегі бірыңғай байланыс
орталығы 1414, 8-800-080-7777.

"Азаматтық және қызметтік
карудың және оған патрондардың,
сондай-ақ конструкциясы жағынан
каруға үқсас бұйымдардың
криминалистикалық талаптарға
сәйкестігіне корытынды беру"
мемлекеттік қызмет көрсете
қағидаларына
3-қосымша

ҚҰЖАТТАР МЕН ОБЪЕКТИЛЕР ТІЗІМДЕМЕСІ

p/c №	Дараландыратын белгілерін көрсете отырып, құжаттар мен объектілердің атауы	Саны	Қосымша мәліметтер

Занды тұлғаның басшысы немесе сенімхат негізінде өкілі

тегі, аты, экесінің аты (болған кезде) және электрондық цифрлық қолтаңбасы
20 жылғы "___" _____

"Азаматтық және қызметтік
карудың және оған патрондардың,
сондай-ақ конструкциясы жағынан
каруға үқсас бұйымдардың
криминалистикалық талаптарға
сәйкестігіне корытынды беру"
мемлекеттік қызмет көрсете
қағидаларына
4-қосымша





[Мемлекеттік тілде УО атауы] Мемлекеттік тілде УО деректемелері	[Орыс тілінде УО атауы] Орыс тілінде УО деректемелері
---	--

Дәлелді бас тарту

Номірі: _____ Берілген күні:	[Көрсетілетін қызметті алушының ұйымының атауы]
Сіздің 20 жылғы "___" № _____ өтінішіндегі қарап, _____	
байланысты "Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға үқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне корытынды беру" мемлекеттік қызметтің көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартылатыны туралы хабарлаймыз.	

Сынау зертханасының басшысы:

тегі, аты, экесінің аты (болған кезде) және электрондық цифрлық қолтаңбасы



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи»
равнозначен документу на бумажном носителе.

"Азаматтық және қызметтік
қарудың және оған патрондардың,
сондай-ақ конструкциясы жағынан
қаруға ұксас бүйімдардың
криминалистикалық талаптарға
сәйкестігіне корытынды беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
5-қосымша

**Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы
жағынан қаруға ұксас бүйімдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне сынау
хаттамасы**

№ _____ 20 _____ жылғы "___" _____
шығыс № _____
көрсетілетін қызметті алушының сынау объектілерін жолдау туралы

отінішінің деректемелері көрсетіледі

Сынау объектісі _____
өндіруші фирманиң толық атауы, қару мен патрондардың,

снарядтардың түрі, моделі, калибрі, сериясы мен шыққан жылы (болған кезде),

таңбалау белгілері көрсетіледі

Жүргізілген сынақтардың нәтижесі: _____
сынақтарды жүргізу барысы мен

корытындылары сипатталады

Сынауды жүргізген:

қолы

тегі, аты, экесінің аты (болған кезде)

"Азаматтық және қызметтік
қарудың және оған патрондардың,
сондай-ақ конструкциясы жағынан
қаруға ұқсас бұйымдардың
криминалистикалық талаптарға
сәйкестігіне корытынды беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
6-қосымша

Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы
жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне № _____
корытынды

20 _____ жылғы "_____" _____

Өтініш: 20 _____ жылғы "_____" _____ кіріс № _____

Көрсетілетін қызметті алушы: _____

Занды мекенжайы: _____

Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ конструкциясы
жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне сынау
бойынша

ШЕШІМ

Қосымша: Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ
конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға
сәйкестігіне сынау хаттамасы. Сынау объектілері қолма-қол ұсынылады.

Сынау зертханасының басшысы:

тегі, аты, экесінің аты (болған кезде) және электрондық цифрлық қолтаңбасы

Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың, сондай-ақ
конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың криминалистикалық талаптарға
сәйкестігіне корытындының артқы беті

20 жылғы " " № корытындының
ақпараттық парагы



Сыналған үлгінің жалпы түрінің
фотосуретіне арналған орын
(өлшемі 9x12)

Бұйым _____
сыналған үлгінің толық атауы, каталогтар бойынша номірі,

базалық үлгінің түрленуінің номірі

әзірлеуші, әзірлеуші ел көрсетіледі

Нәтиже _____
зерттеу бойынша қысқаша корытынды көрсетіледі

Техникалық

сипаттамалары: _____

Сынау зертханасының басшысы:

тегі, аты, экесінің аты (болған кезде) және электрондық цифрлық қолтаңбасы

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
2020 жылғы 18 наурыздагы
№ 224 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының
тізбесі

1. "Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың криминалистік талаптарға сәйкестігіне қорытынды беру бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 328 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11230 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 19 маусымда жарияланған);

2. "Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың криминалистік талаптарға сәйкестігіне қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің міндептін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 494 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11510 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 шілдеде жарияланған);

3. "Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың криминалистік талаптарға сәйкестігіне қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің міндептін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 494 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 25 қаңтардағы № 69 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13170 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 29 ақпанда жарияланған);

4. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистік талаптарға сәйкестігіне қорытынды беру бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 328 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 20 мамырдағы № 446 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18714 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 31 мамырда жарияланған);

5. "Азаматтық және қызметтік қарудың және оған патрондардың криминалистік талаптарға сәйкестігіне қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің міндептін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 494 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 544 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18873 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 25 маусымда жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК